

ТМТМ ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ЗВЕНЬЕВ ЕВРАЗИЙСКОЙ ТРАНСПОРТНОЙ СИСТЕМЫ И УСПЕХ МАРШРУТА – ЭТО РЕЗУЛЬТАТ НАШИХ СОВМЕСТНЫХ УСИЛИЙ. С НАЧАЛА ТЕКУЩЕГО ГОДА ТРАНЗИТ ПО МАРШРУТУ ВЫРОС В 20 РАЗ, ЧТО ГОВОРИТ О ВЫСОКОЙ ЗАИНТЕРЕСОВАННОСТИ В МАРШРУТЕ И СЛАЖЕННОЙ СОВМЕСТНОЙ РАБОТЕ.



Дамир КОЖАХМЕТОВ,
председатель правления АО «КТЗ Экспресс»



№82 (3012)
27/09/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РАЗВИВАЯ МОРСКИЕ ВОРОТА СТРАНЫ

Премьер-министр РК Олжас Бектенов в рамках рабочей поездки в Мангистаускую область ознакомился с транспортно-логистическим потенциалом региона. Посещены морские порты Актау и Курык.

Асель ШАЙХИНОВА,
Астана

В ходе посещения морского порта Курык Премьер-министру доложили, что с начала года объем перевалки грузов превысил 1,5 миллиона тонн, к концу года объем будет доведен до 2,2 миллиона тонн.

В текущем году также планируется завершение дноуглубительных работ и запуск зернового терминала. Ведутся работы по созданию логистического кластера и обновлению паромного флота. В целом перспективная проектная мощность составляет 6 миллионов тонн грузов в год. Круглогодичный морской порт Курык способен принимать автомобильные и железнодорожные паромы, для этого имеется 4 специализированных причала.

Руководитель Правительства ознакомился с мощностями Актауского морского торгового порта. Объект играет ключевую роль в развитии Транскаспийского международного транспортного маршрута. По своим техническим параметрам и выстроенным бизнес-процессам порт соответствует современным международным стандартам. На сегодняшний день пропускная способность объекта составляет более 11 миллионов тонн. Функционируют три нефтеналивных



и три сухогрузных причала, зерновой терминал с пропускной способностью 800 тысяч тонн сельхозпродукции в год, а также паромный комплекс. За 8 месяцев текущего года объем перевалки грузов через порт превысил 3 миллиона тонн, основные направления – Иран, Туркменистан, Азербайджан, Россия и другие.

Кроме того, было доложено о планах по строительству контейнерного хаба на базе порта Актау. В качестве инвестора привлечена одна из крупнейших портовых компаний Китая – ООО «Группа компаний Порт Ляньюньган». Ожидается, что инвестиционный проект будет способствовать среднесрочному и долгосрочному планированию перевозок и

создаст выгодные условия для доставки грузов. Глава государства поставил перед Правительством стратегическую задачу – трансформировать наши порты, превратив их в один из ведущих хабов Каспийского моря. Географическое расположение Казахстана является нашим преимуществом, которое необходимо использовать в полной мере. Мангистауская область обладает мощным транзитным, логистическим и инфраструктурно-сервисным потенциалом, который следует развивать. Поэтому особо важна реализация новых проектов, которые позволят расширить отечественный морской транспортно-логистический кластер, – подчеркнул Премьер-министр РК Олжас Бектенов.

Фото Олжаса АХМЕТОВА

МАҢЫЗДЫ ЖҮК ТАСЫМАЛЫ



«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы үшін әлеуметтік жүктер тасымалы қашан да бірінші орында. Ол ең алдымен көмір және астық тасымалына қатысты.

Жұырда Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде ҚТЖ өкілдерінің ірі жүк жөнелтушілермен және жүк алушылармен кездесуі өтті. Онда астық пен астық өнімдерінің тасымалдау мәселелері талқыланды.

Сала мамандарының айтуынша, жыл басынан бергі 8 ай ішінде бөлімше желісі бойынша 680 мың тонна астық түсірілген. Ал осы күндері өңірде астық өңдеуге арналған 25 диірмен жұмыс істейді.

– Нақты айтатын болсақ, жыл басынан бергі 2 634 вагон немесе 180 мың тоннадан астам ұн өңделіп, тиелді. Ал қыркүйектің 18 күнгі дерекке сүйенсек, ұнды тиеу өткен жылмен салыстырғанда 63% немесе шамамен 5,7 мың тоннаға өскені байқалады, – дейді Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі директорының логистика бойынша орынбасары Әлсейіт Әденбаев.

Айта кетейік, бүгінгі таңда ҚТЖ жүк жөнелтушілермен және жүк алушылармен бірлесіп ауыл шаруашылығы өнімдерін үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету үшін үлкен жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар жүктерді жеткізу мерзімдерін жеделдету мен вагондар айналымын қысқарту мақсатында астық тасымалдаудың жаңа бағыттары қалыптастырылуда. Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Шымкент



Клара ШАТАЙКОВА,
«ҚТЖ-Жүк тасымалы»
Ақтау бөлімшесі филиалының
Тасымалдау шарттары мен ұйымдастыру
бөлімінің басшысы:

Аймақ

ҚАРТ ТҮБЕККЕ САПАР: МАҢҒЫСТАУДАН БЕЙНЕУГЕ ДЕЙІН...

Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев бастаған сала басшылығы жергілікті теміржол кәсіпорындарын аралап, бірқатар кездесулер өткізді.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде өткен тораптық кеңесте аймақ ахуалы, жергілікті мекемелер жұмысына қатысты мәселелер қаралып, қысқа дайындық барысы пысықталды. Ұсыныстар тыңдалып, негізгі көрсеткіштер сарапқа салынды. Қозғалыс қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттанудың алдын алу мәселелері талқыланды. Табиғаты қатал өңірде теміржолшыларды санитарлық-тұрмыстық қолдайы жағдаймен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселесіне ерекше назар аударылды.

Компанияның Аппарат жетекшісі Серік Кеулімжаев жүргізген жиында сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Әлихан

Қыраубаев Маңғыстау бөлімшесі бойынша персоналды басқарудың негізгі көрсеткіштері туралы баяндады. Бөлімшеде биылғы жарты жылда НЖС мекемелеріне қарасты жетекші кәсіптердің орташа жалақысы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15 пайызға артқанын, бұл көрсеткіш Маңғыстау облысы бойынша орташа жалақы деңгейінен 5 пайызға артық екенін, ал НОД бойынша бұл көрсеткіш 12 және 15 пайызды құрайтынын атап өтті. Кадр басшысы жалпы жалақы мәселесі теміржол тарифіне байланысты реттелетінін айта келе, Мемлекет басшысының соңғы Жолдауында теміржол саласында тарифтерді қайта қарау бойынша нақты тапсырма бергенін, соған орай ұлттық компания мемлекеттік



орғандармен бірігіп жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті. Ал әлеуметтік қолдау бойынша биыл жаңадан қабылданған жұмыс шартта әлеуметтік қолдау бірнеше млрд теңгеге дейін өсіп, жалпы қызметкерлер мен зейнеткерлерге арналған әлеуметтік төлемдер 20-50 пайызға арттырылғанын жеткізді.

Келесі кезекте сөз алған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Бас директорының орынбасары Асан

Үмбетов өз баяндамасында Маңғыстау бөлімшесі бойынша биылғы сегіз айдағы өндірістік көрсеткіштерге шолу жасады. Санитарлық тұрмыстық жағдайды жақсарту мақсатында атқарылған жұмыстар, ғимараттарды жөндеуден өткізу, техникалық қорды жаңартуға қатысты мәлімет берді.

Кеңесте көтерілген тағы бір мәселе маңғыстаулық теміржолшылардың басшылыққа

жолдаған талап-арыздары бойынша болды. Бұл туралы Магистральдық желі дирекциясының бас инженері Қайырбай Орынбаев баяндады. Маңғыстау өңірінен, соның ішінде Бейнеу жол дистанциясының жұмысшыларынан түскен шағымдарға тоқталған ол бүгінгі таңда 84 арыздың 45-і қанағаттандырылғанын, тағы 4-і ішінара орындалып, 23-і орындалу үстінде екенін жеткізді. Аталған арыз-шағымдардың мазмұнына да тоқтала кезек бас инженер ПЧ жұмысшыларына берілген термосумкалардың бір бөлігі не себепті қоймада жатқанын сұрап, жергілікті басшылықты сынға алды. Сонымен қатар жол бойындағы 134 жылыну пункттерінің бәрі жөндеуден өткізіліп, қысқа дайын болуы ескерілді.

Жалғасы 2-бетте

ТЕМІРЖОЛ АРҚЫЛЫ ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ӘЛЕМНІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ОТЫР. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮК ПОЙИЗДАРЫ ЖІІ ӨТЕДІ. БАТЫС ӨНІРІНДЕ ДЕ РЕСЕЙМЕН ШЕКАРАЛАС СТАНЦИЯЛАРДА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮМЫСТАРЫ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН. НИКЕЛЬТАУДА, ОЗИНКИ, ИЛЕЦК СТАНЦИЯЛАРЫНДА ЖҮК ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ ҚАТАН САҚТАЛЫП, ЖҮК ҚАБЫЛДАУШЫЛАР ӘР ВАГОНДАҒЫ БЕКІТПЕНІ МҰҚИЯТ ТЕКСЕРЕДІ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮК ВАГОНДАРЫНАН ҚАНДАЙ ДА БІР АҚАУ АНЫҚТАЛСА, ЕКІНШІ ЖАҚ ҚАБЫЛДАМАЙДЫ. БАРЛЫҚ ЖҮМЫСТЫҢ ҚАДАҒАЛАНУЫ ҚҰЖАТПЕН МӨРЛЕНІП, ӘР ӘРЕКЕТ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С МАЯ ПО 18 СЕНТЯБРЯ 2024 ГОДА ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ КОММУНАЛЬНО-БЫТОВЫМ УГЛЕМ ПОГРУЖЕНО ПОРЯДКА

2,3 млн тонн.

ЗА 8 МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА ПО ТРАНСКАСПИЙСКОМУ МЕЖДУНАРОДНОМУ ТРАНСПОРТНОМУ МАРШРУТУ ПРОСЛЕДОВАЛО

200

ПОЕЗДОВ.

ПАРК АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС» ПОПОЛНИЛСЯ

65

НОВЫМИ ПОЛУВАГОНАМИ.

КОМФОРТНЫЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ РАБОТЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ

В АО «НК «КТЖ» продолжается работа по установке мобильных зданий для проживания и отдыха железнодорожников линейных предприятий.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

На сегодняшний день принято к эксплуатации 146 мобильных зданий на предприятиях путевого хозяйства Акмолинского, Алматин-

ского, Костанайского, Павлодарского, Карагандинского, Жамбылского, Шымкентского, Кызылординского, Семейского, Актюбинского, Атырауского, Мангистауского отделений магистральной сети. Модульные здания для обогрева

и отдыха работников, занятых на поездных и путевых работах в удаленных местах – это современная альтернатива устаревшим временным пунктам. Мобильные здания характеризуются быстрой изготовлением и монтажа. К ним

подключены все необходимые инженерные коммуникации, а внутри они оснащены мебелью, бытовой техникой, душевыми кабинками и другими предметами, необходимыми для комфортного проживания работников пути,



связи и электроснабжения даже в сложных климатических условиях.

До конца 2024 года на отдаленных станциях и разъездах планируется установить 180 таких модульных зданий. В настоящее время с завода производителя отпущено 157 зданий, из них к эксплуатации принято 146 и 11 ожидают приемки после осмотра специальной комиссии.

Напомним, в 2023 году для отдыха железнодорожников, выполняющих работу на отдаленных участках, было приобретено 132 модульных здания.

Фото автора

Қауіпсіздік

479 ЕСКЕРТУ БЕЛГІСІ
ЖАҢАРТЫЛҒАННұрбек БЕКЕН,
Астана

Теміржол қауіпті аймақ екенін еске сала отырып, магистраль бойында өндірістік емес жарақаттануды болдырмау және алдын алу мақсатында теміржолшылар ел тұрғындарымен профилактикалық кездесулер өткізуді дәстүрге айналдырған.

Мәселен, өткен 8 айда 100 мыңға жуық адамды қамтыған жүздеген жиындар мен рейдтер өткен. Теміржолшылар жолға жақын орналасқан оқу орындарына барып, балалармен қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, теміржолда жүріс-тұрыс ережелерін қамтитын көрнекі жадынамалар, буклеттер таратқан. Сондай-ақ теміржол инфрақұрылымы объектілерінде қауіпсіздік тақырыбында бейнероликтер көрсетілген.

Мамандардың айтуынша, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен бірлесіп теміржолшылар 2,2 мыңнан астам бірлескен рейд ұйымдастырған. Құқық бұзушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздік жадынамалары таратылған. Сонымен қатар көлік прокуратурасы мен полицияның, ҚР Көлік министрлігінің аумақтық көліктік бақылау органдарының, БАҚ өкілдерінің, сондай-ақ жүк тасымалдау бөлімшелерінің шекараларында қатысы бар қызметтерді шақыра отырып, Үйлестіру кеңесінің 145-отырысы өткізілген.

Өндірістік емес жарақаттанудың негізгі себебі адамдардың бастарын қатерге тігіп жолға шығуы болып отыр. Локомотив бригадаларының адамдарды басуын болдырмау үшін шұғыл тежеудің 444 жағдайы қолданылып, соның басым бөлігі Алматы, Шымкент және Маңғыстау өңірлеріне тиесілі болған.

Адамдардың теміржол арқылы жаппай өтетін жерлерінде «Назар аударыңыз, темір жол – қауіптілігі жоғары аймақ», «Өтуге тыйым салынады», «Абайлаңыз, қауіпті аймақ», «Абайлаңыз, электр кернеуі» сынды 479 ескерту белгісі жаңартылған.

КӨМІР ҚОРЫ
ЖЕТКІЛІКТІАрдақ ЕРҮБАЕВА,
Ақтөбе

МАУСЫМ

Биылғы жылу маусымына дайындық басталғалы Ақтөбе бөлімшесі аумағындағы станцияларға 800-ден аса вагон көмір тасымалданған. Нәтижесінде станциялар мен кірме жолдарға 60 мың тоннаға жуық қатты отын жеткізілген.

Коммуналдық тұрмыстық көмірді жөнелту, жеткізу жұмыстары жоспарға сай ұйымдастырылып отыр. Жүк тасымалдауды ұйымдастыру және логистика бөлімінің инженері Лаура Әлжанованың айтуынша, биылғы жылдың 8 айында Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесі аумағында 59 840 тонна, яғни 848 вагон көмір тасымалданды. Оның ішінде 249 вагон коммуналдық, 433 вагон өндірістік, 98 автокөлік шаруашылық және 68 вагон теміржол ұйымдары үшін көмір жеткізілді.

2024-2025 жылдарға арналған жылу маусымына дайындық жұмыстары әдеттегідей мамыр айында басталды. Жіңішке, Шалқар, Мәртөк, Әйтеке би, Ақтөбе, Қарауылкелді және Қандыағаш станцияларындағы кірме жолдарда коммуналдық және тұрмыстық қажеттіліктерге арналған көмір түсіру жұмыстары содан бері үздіксіз жүргізілуде.

Жоспар бойынша бюджеттік ұйымдар үшін тамыз айына дейін 4 952,3 тонна көмір жеткізілген. Өткен жылдың сәйкес кезеңінде 3 480 тоннаны құраған болатын.

«Бөлімше тарапынан облыс әкімдігімен бірлесіп көмір тасымалына күнделікті есепке алу жүргізіледі. Жүкті қабылдаушылармен және кірме жолдардың иелерімен тәулік бойы жұмыс істеу мәселелері пысықталып отыр», – деді Лаура Әлжанова.

ҚАРТ ТҮБЕККЕ САПАР:
МАҢҒЫСТАУДАН БЕЙНЕУГЕ ДЕЙІН...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қайырбай Ермеқұлы Бейнеу – Тассай телімінде жұмысшыларды тасымалдауға арналған вагондар санын көбейту мәселесі де шешілгенін, яғни тағы бір вагон қосылатынын жеткізді. Жұмысшылардың Бейнеу-Тассай телімінде дәрігерлік көмек көрсету үшін медициналық мамандар бөлу туралы ұсынысына байланысты бас инженер соңғы кезде сала қызметкерлері алғашқы көмек көрсету бағытында оқытылып жатқанын, аталған телімдегі жұмысшылар да оқытыла, алыстан медицина қызметкерін күткенше жанындағы әріптесінің көмегі жылдам болатынын жеткізді.

Кеңесте жергілікті мекеме басшыларына жұмысшылармен тығыз қарым-қатынас орнатып, ұсыныстарына құлақ түріп, мәселенің жергілікті жерде шешу мүмкіндіктерін қарастыру жүктелді.

Сонымен қатар Маңғыстау қосалқы бөлімінің бастығы Нәжімеден Ғұбашов пен Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі директорының міндетін атқарушы Ерназар Ізтұрғанов та өздері басқарып отырған бөлімшелердің биылғы сегіз айдағы жұмысы жөнінде баяндады. Н.Ғұбашов мекемеге қарасты кәсіпорындардың қысқа дайындығын, аймақтағы ірі жүк жөнелтушілерді тарту, клиенттерге сапалы қызмет көрсету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайында ақпарат берді.

Ерназар Ізтұрғанов инфрақұрылымды күрделі жөндеу, жол сапасын арттыру жұмыстарының барысымен таныстырды. Санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсарту бағытында осыған

дейін инженерлік коммуникациялармен жарақтандырылған және қажетті керек-жарақпен, техникамен жабдықталған 47 модульдік ғимарат орнатылған. Оған қоса мекеме тоғыз автокөлік алып, қажетті кәсіпорындарына таратқан.

Түбекте ҚТЖ басшылығы ат басын бұрған өңірлік кәсіпорындар қатарында Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясы, Маңғыстау станциясындағы қалпына келтіру пойызы, аймақтағы теміржол мекемелерін су және жылумен қамтамасыз ететін «Теміржолсу» мекемесі



болды. Аталған кәсіпорындардың өндірістік объектілерін аралап, жай-күйі мен техникалық жағдайымен танысып, қысқа дайындығы, қажетті керек-жарақ, материалдармен қамтамасыз етілуі тексерілді.

ҚТЖ басшылығының қатысуымен Ф.Өңарсынова атындағы Мәдениет үйіндегі өткен жиын марапаттау рәсіміне ұласты. Онда Басқарма төрағасы түбек теміржолына еңбегі сіңген теміржолшылар мен ардагерлерді

Жұмысшылар белсенді жаңарту жүргізіліп жатқанын жоққа шығармады. Дегенмен, сонымен бірге домкраттардың сапасы мен кейбір қосалқы бөлшектерді жеткізу және автокөліктерге қызмет көрсету қажеттілігі туралы мәселе көтерілді. Басқа кәсіпорындарда да осындай мәселелер туындауына байланысты домкраттармен қоса осы жабдықты жеткізушілерді де ауыстыру мәселесін қарастыру тапсырылды.

Бейнеудегі кәсіпорын ұжымдарымен кездесулерде теміржолшыларды толғандырып жүрген еңбек жағдайлары, арнайы киім-кешек, еңбекақы, ұжымдық шарт тармақтарының орындалуы, тағысын тағы мәселелер жан-жақты талқыланды. Компания басшылығы Маңғыстау вагон пайдалану депосының Бейнеу станциясындағы техникалық байқау пунктінде жұмысшылардың жұмыс киімінің сапасына қатысты сынға қолдау көрсетті. Мердігер ұйыммен тиісті жұмыстар жүргізу жөнінде нақты тапсырма берілді.

Суреттерді түсірген
Олжас АХМЕТОВ

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ЕМТИХАНЫ

Семей жүк тасымалы бөлімшесі бойынша биылғы күзгі комиссиялық тексеру жұмыстары 18 қыркүйектен басталды. Биылғы байқау тораптық Семей және Жаңа-Семей станцияларынан бастау алып отыр.

БАЙҚАУ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Қазіргі күндері ел шығысындағы барлық теміржол құрылымдары алдағы қысқа даярлық жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Осыған дөп келген күзгі сын – қысқа дайындық емтиханы іспетті. Бұл ретте бөлімше басшысы Алмас Сейсемқанов пен Қауіпсіздік департаментінің Семей учаскесі бойынша аймақтық бас ревизоры Темірбек

Ақчалов желі бойындағы барлық шаруашылықтарға жіті тексеру жүргізуде. Сол тәрізді Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукеежанов бастаған бөлім басшылары да тыңғылықты жұмыс жасауда.

Алғашқы іс-шараларды Семей станциясынан бастаған комиссиялық топ ондағы қауіпсіздік, еңбек қатынастары мен өндірістегі тәртіп бойынша бірқатар сын-ескерпелер жазады. ТЧЭ-24, ВЧД-23 сынды

бірқатар мекемелердегі орын алған олқылықтарды жоюға уақыт берілді.

Станцияның сұрыптау дөңесіндегі өндірістік процесс барысын арнайы тексерген Алмас Ғалымұлы вагондарды жинау, жүк пойыздарын құрастыру бойынша қозғалысшылармен кеңесіп, пікір-ұсыныстарын тыңдады. Шара барысында теміржолшылардың қызметтік киімдермен жабдықталуы, еңбек қауіпсіздігі, жұмыс орнының жайлылығы да назарға алынды.

Ал қыркүйектің 20-сы күні Дегелең – Жаңа-Семей телімінің бойындағы барлық станциялар тегіс сүзгіден өткізілді. Жаз бойғы жауынды ауа райына қарамастан бұл өңірдегі теміржолшылар елеулі жұмыс жасаған. Ескірген шпалдар мен бағыттамалық бұрмаларды ауыстыруда елеулі жұмыс атқарылған. Мәселен, желі бойындағы Талды станциясынан тексерушілер бірде-бір мін таппады.

Белгіленген кестеге сай қыркүйектің 23-нен бастап Ақтоғай

мен Аягөз телімі толық көлемде тексерілді. Бұл өңірдегі ПЧ-42 мен ПЧ-30 мекемелері, ТЧЭ-25 қысқа даярлық жұмыстарының соңғы сатысында тұр. Аягөздік теміржолшылар қазіргі таңда «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясындағы сенбілік жұмыстарына да жұмыла кіріскен. Нәтижесінде желінің қос қапталы көз тартарлықтай болған. Аягөз-Жарма телімі де жаңғырып қалыпты. Бұл аймақ бойынша да ілкімді жұмыстар бар. Мәселен, Жарма станциясындағы станция қызметкерлерінің артық шығынсыз өз күшімен салып жатқан қосыны өзге әріптестеріне үлгі боларлықтай.

Комиссия өкілдері мінген дрезина қыркүйектің 26 күні Шар станциясына келіп жетті. Қазіргі таңда Шар – Суықбұлақ – Жаңа-Семей телімдері сүзгіден өтуде.

Осы айдың соңына дейін үзгі тексеру жұмыстары Семей – Локоть теліміне дейін жүргізіліп, Локоть станциясы арқылы Өскемен өңіріне қарасты Шемонайха станциясына бетке алатын болады. Жалпы, күзгі комиссиялық тексеру жұмыстары аймақта қазанның 4-і күні толық тәмамдалмақ. Ал анықталған кемшіліктер алдағы уақытта өткізілетін тораптық жиын барысында талқыға түсетін болады.

Суретті түсірген автор

БАҒЫТТАМАЛЫҚ БҰРМАЛАР АУЫСТЫРЫЛУДА



ТОЛАСКЕЗ

Жылдың қай мезгілі болмасын пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау үшін телім бойынан табылатын аймақ жолшылары жолдың бабын жасау жұмыстарын жалғастырып жатыр. Кеше Қызылорда жол дистанциясының жолшылары 14 бекеттің оңтүстік алқымындағы 3-бағыттамалық бұрманы ауыстырды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Жолшылар ұжымы 12.40 минут пен 17.10 минут аралығында төрт жарым сағаттық толаскез алып, жұмысқа кірісті. Тәнертеннен бекеттің тақ жолындағы бұрманы ауыстыруға дайындық жасалып, толаскез уақыты берілген бойда, жол төсемінің беткі 20 сантиметрлік қабаты трактордың күшімен сүріліп алынды. Одан кейін жол табаны 40 сантиметр шамасында трактормен қопарып алынды.

Трактордың жұмысын жеңілдету үшін қолына күрек, қайла ұстаған жолшылар да жолды дайындауға кірісті. Берілген уақытты үту үшін Бірқазан телімінің жол шебері Талғат Шалабаев, бригадир Сәбит Ахметов, Тартоғай телімінен Бекзат Жұмаділов, Әділет Қожаберген, Сұлутөбеден Қайрат Надиров, Аңсағат Мәлібек, Рахат Құрманәлі, Белкөл телімінен Ерболат Торанов, Асылхан Оразбеков, Қайырбек Ахметов, Қапар Раханов секілді жолдың бабын жасауда тәжірибесі мол жолшылар тартылыпты. Жол

төсемінің қабатын тиісті тереңдікте қазып тазарту, қиыршық тасты төсемнің белгіленген қалыңдықта салынуын қадағалау, көтергіш кранның, жол техникаларының үйлесімді жұмыс жасауын реттеу секілді ұйымдастыру жұмыстарына Қызылорда жол дистанциясы бастығының орынбасары Батыр Мамедәлиев, 3-өндірістік телім басшысы Рүстем Досымов, телім басшысының орынбасары Диас Кашаев басшылық жасады.

– Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің басшылығы



бекіткен жол картасына сәйкес бағыттамалық бұрмалардың жұмысын жақсарту мақсатында дистанцияның Екпінді, Төменарық, Қарайырым, 14-бекет, Бірқазан және Қызылорда станцияларындағы телімдерде пайдаланылған 9 жиынтық бағыттамалық бұрманы қайта салу жоспары қабыданған. Бүгінгі

таңда 7 жиынтық бағыттамалық бұрма ауыстырылуға дайын болды. Бұрмаларды жаңартып-жаңғырту арқылы ауыстыру оларда болуы мүмкін кінәраттардың алдын алып, арқалықтар мен крестовиналардың қызмет ету мерзімін ұзартады. Бүгін ауыстырылуы тиіс бағыттамалық бұрмалардың бесіншісі

ауыстырылуға. Алдағы уақытта қалған бұрмалар да рет-ретімен ауыстырылатын болады, – дейді Қызылорда жол дистанциясының бастығы Марат Оңалов.

Бұған дейін дистанция жолшылары Екпінді, Төменарық, Қарайырым бекеттерінде осындай толаскез өткізіп, бұрмаларды жаңалады. Толаскезде Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының электромеханиктері, 14-бекеттің теміржолшылары және Қызылорда қалпына келтіру пойызының құрамы техникаларымен жұмыс жасады.

Бағыттамалық бұрмаларды ауыстыру кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, толаскездің уақытын тиімді пайдалану, кестемен өтетін пойыздардың қозғалысына кедергі келтірмеу басты назарға алынды. Бағыттамалық бұрма салынып болғасын жолдың сапасы технологиялық талаптарға сай болу үшін арнайы жол машинасы Унимат іске қосылып, жолдың бабы жасалады.

Суретті түсірген автор

ПО ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ



ЦИФРОВИЗАЦИЯ

В Кокшетау в рамках исполнения дорожной карты цифровых проектов АО «НК «КТЖ» прошло выездное совещание по вопросу внедрения автоматизированной системы «Е-Телеграм» в железнодорожной сфере.



Руслан РАХМЕТОВ,
Кокшетау

В совещании под председательством руководителя рабочей группы АО «НК «КТЖ» Ильяс Ахметова приняли участие заместитель директора по АСУ НОДГП-1 Сансызбай Шаймерденов, первый заместитель НДС-1 Рашид Аушахимов, руководители и ответственные лица предприятий и станций региона. По словам Сансызбая Шаймерденова, акмолинские железнодорожники активно используют

в работе систему «Е-Телеграм». – На сегодняшний день по Акмолинскому отделению зарегистрировано 2315 железнодорожников. Из них 1217 работников Акмолинского отделения ГП и 1098 – Акмолинского отделения Магистральной сети. Количество переданных телеграмм за весь период составило около 52 тысяч электронных писем, – отмечает Сансызбай Шаймерденов. Участники совещания отметили, что сервис позволит ускорить процесс получения

уведомлений, и тем самым повысить эффективность работы. Таким образом, грузоотправители через систему получают уведомления о грузовых операциях на станциях, о прибытии груза, о подаче вагонов под грузовые операции и всю необходимую информацию. Кроме того, в системе «Е-Телеграм» есть мобильная версия как на андроид, так и на IOS. С ее помощью работник может получить уведомление в виде SMS, в случае не реагирования, на мобильный осуществляется

звонок, что дает 100% реагирования на поступившую телеграмму. В системе также предусмотрена функция для подписи и назначения ответственных за выполнение телеграммы. Внедрение системы позволило сделать очередной шаг для перехода на безбумажный вариант передачи оперативной поездной и служебной информации, связанной с перевозками пассажиров и грузов, обеспечения безопасности движения.

Фото автора

Актуально

ВСЕ В СРОК

На станции Жетысу железнодорожники провели совещание с представителями акимата и работниками угольных тупиков по вопросам подготовки к отопительному сезону и обеспечения углем Илийского района Алматинской области.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

В ходе встречи обсуждены меры по своевременной и бесперебойной поставке угля, вопросы по координации действий между различными службами и организациями, а также подготовка инфраструктуры для хранения и транспортировки топлива. Железнодорожники отметили важность тесного взаимодействия с местными властями для успешного выполнения поставленных задач и обеспечения района необходи-

мыми ресурсами в предстоящий отопительный сезон. В Илийском районе насчитывается пять угольных баз. К примеру, на тупиках ИП ТОО «Қара Тас», ТОО «KZ Брокер» ежедневно для бытовых нужд грузится по 12 машин с углем. С начала года здесь отгружено 26 500 тонн угля, а на сегодняшний день в наличии имеется 4 500 тонн твердого топлива. Причем цена за одну тонну Шубаркольского угля составляет 19 000 тенге. По словам угольных операторов, в основном сюда приезжают

люди из Алматинской области, Енбекшиказахского района. Уголь поступает согласно заявкам и никаких проблем не возникает. Если в предыдущие годы ситуация с углем была накалена до предела и создавался искусственный ажиотаж перекупщиками, то сейчас эта проблема решена. Аналогичная ситуация сложилась и на угольной базе ТОО «Реал Коммерц» и на угольных складах станции Бурундай, Байсерке. Как заверили представители местных исполнительных органов Илийского района, ситуация с

углем на контроле, более того она отслеживается вкрупне с железнодорожниками. – Наши задачи – обеспечить оперативную погрузку и транспортировку угля, минимизировать задержки и гарантировать, что потребности региона в топливе будут полностью удовлетворены. В условиях высокой нагрузки на сеть особое внимание уделяется безопасности и эффективности перевозок, – подчеркнул начальник отдела логистики и организации перевозок Алматинского отделения грузовых перевозок Кайрат Кулаков. В свою очередь, начальник станции Жетысу Алмас Жунисов призвал работников акимата проводить разъяснительную работу с населением по вопросам подготовки к отопительному сезону и своевременной закупки угля. В ближайшее время аналогичная встреча со всеми причастными службами пройдет на станции Талдыкорган.

Фото автора


ЗИМА БЛИЗКО

В Павлодарском регионе продолжается погрузка и поставка угля национальным перевозчиком. По словам железнодорожников, на сегодня в Павлодарском Прииртышье нет дефицита вагонов и локомотивной тяги.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

По информации отделения дороги, проблем с подвижным составом и поставками твердого топлива нет, на тупики города оно поступает в штатном режиме и в полном объеме. К примеру, в сентябре клиентами было заявлено на перевозку угля 86541 вагонов, 5 миллионов 964,7 тысяч тонн. За 23 дня отгружено 4 миллиона 336,8 тысяч тонн угля, в том числе для коммунально-бытовых нужд – 156, 6 тысяч тонн

и 2 миллиона 977 тысяч – ТЭЦ и ГРЭС. В свою очередь аким города Павлодар Хасар Хабылбеков вместе с рабочей комиссией в составе представителей отделов жилищной инспекции, предпринимательства и депутатом городского маслихата провел мониторинг готовности тупиков и мест хранения угля. На сегодня в ТОО «А-ВЕСТ» имеется достаточный запас угля – свыше 11 тысяч тонн. Ежегодная потребность в твердом топливе в Павлодарской области составляет в среднем 500 тысяч тонн. В Павлодаре действуют пять крупных



угольных баз, куда топливо доставляется железнодорожным либо автомобильным транспортом.

Фото автора

НАПРАВИТЬ В НУЖНОЕ РУСЛО



ОСМОТР

На станции Жезказган Карагандинской области прошло узловое совещание по вопросам проверки готовности всех подразделений и участков, станций, разъездов и структурных подразделений к работе в зимний период.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам главного ревизора Департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбека Альмураева обследованию подлежат объекты инфраструктуры, где комиссией будет проверено состояние технических средств, содержание путей, обеспечение безопасности движения на железной дороге. Отдельным моментом проверочных работ станет обучение первозимников, которые впервые в зимних условиях будут выполнять трудовую деятельность, связанную с движением поездов. Как правило за ними закрепляются опытные наставники, которые обучают их, контролируют рабочий процесс и помогают в успешном освоении профессии. Кроме того, все первозимники в полной мере знакомятся с техникой безопасности и



способами оказания первой помощи при переохлаждении. Также немаловажным вопросом является режим труда и отдыха железнодорожников, эстетическое состояние станций и разъездов, уровень технических знаний работников, охрана труда, техническое состояние многочисленных мостов. – Присутствие в комиссии профсоюзных

и кадровых работников предусматривает проверку социально-бытовых вопросов, выполнение администрацией пунктов коллективного договора, а также проведение встреч с местным населением, посещение крестьянских и фермерских хозяйств по наиболее важному вопросу – выпасу скота в зоне железнодорожного полотна, – подчеркнул Булатбек Альмураев. Таким образом осенний комиссионный осмотр выявит все недочеты и погрешности, которые подлежат исправлению. По итогам осмотра состоится расширенное совещание по выявленным замечаниям и нарушениям, а также будут определены лучшие предприятия, станции, структурные подразделения. На сегодняшний день Карагандинское отделение грузовых перевозок включает в себя – три основных локомотивных депо (Караганда, Жанаарка и Балхаш), два оборотных локомотивных депо (Акадыр и Жезказган), два вагонных депо (Караганда и Балхаш), четыре дистанции пути (Карагандинская, Акадырская, Балхашская и Жанааркинская), четыре дистанции сигнализации и связи (Карагандинская, Акадырская, Балхашская, Жанааркинская), две дистанции электроснабжения (Карагандинская и Акадырская), а также четыре мощные сортировочные станции (Караганда-Сортировочная, Жанауал, Балхаш и Мойынты), 89 станций и разъездов.

Фото автора

ОТДАТЬ СВОЙ ГОЛОС

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



СОВЕЩАНИЕ

Встреча железнодорожников с депутатами Мажилиса Парламента РК Ерланом Саировым и Лукбеком Тумашиновым, а также руководством филиала партии Amanat и организованным при ней «Народным штабом» по поводу предстоящего референдума РК о строительстве АЭС, прошла в Усть-Каменогорске.




Подобные разъяснительные мероприятия проходят по всему Казахстану. Особенностью этого было то, что в нем приняли активное участие представители знаменитого предприятия Восточно-Казахстанской области – Ульбинского металлургического завода, на котором выпускают урановые таблетки, а его дочернее подразделение ТОО «Ульба ТВС» производит теплоделяющие сборки для реакторов АЭС. Сейчас свою продукцию эта компания отправляет в Китай, где активно развивается ядерная энергетика и одновременно строят 20 реакторов. Спикеры подробно информировали собравшихся о перспективах развития энергетики в Казахстане, возникшем дефиците электроэнергии, а также о том, что около 30 развитых стран мира имеют атомную генерацию и приглашают Казахстан в свой клуб. Доктор физико-математических наук, руководитель научного центра АО «УМЗ» Манарбек Кылышканов рассказал, что такое современные ядерные реакторы, принципы их устройства и работы, влияние на экологию. После всех выступлений железнодорожники задавали вопросы, которые касались воздействия АЭС в случае ее строительства на экосистему озера Балхаш, почему Германия отказалась от атомной энергетики, закрыв свои АЭС и какова возможность аварий. Манарбек Кылышканов заверил собравшихся в том, что аварийность современных АЭС ничтожно мала – примерно одна на 10 миллионов лет, негативного влияния атомной электростанции на Балхаш не будет, а Германия, отказавшись от «мирного атома», рассчитывала импортировать электричество из стран Европейского союза. Правда, сейчас она столкнулась с его дефицитом. Лукбек Тумашинов в завершении встречи призвал железнодорожников прийти на референдум и отдать свой голос. При этом депутат добавил, что он не предлагает, как нужно конкретно проголосовать. Выбор – за каждым.

Фото автора

ДО МОСКВЫ НА ПОЕЗДЕ

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана




ПЕРЕВОЗКИ

Международный скорый поезд № 83/84 по маршруту Караганда – Москва возобновит курсирование с 17 декабря 2024 года.

Состав будет отправляться дважды в неделю: из Караганды – по вторникам и субботам, из Москвы – по вторникам и пятницам. Остановки поезда запланированы в таких крупных городах, как Караганда, Астана, Кокшетау, Петропавловск, Челябинск, Уфа, Самара, Пенза и Москва. В составе предусмотрены купейные и плацкартные вагоны, а также специальные места для пассажиров с ограниченными возможностями. Билеты можно приобрести за 45 суток до отправления на сайте bilet.railways.kz или в кассах АО «Пассажирские перевозки» на вокзалах.

ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ РЕВИЗИИ


Ольга СТЕБЛЯНКО,
Усть-Каменогорск



ИНФРАСТРУКТУРА

На пункте текущего отцепочного ремонта (ТОР) Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) станции в Усть-Каменогорске заменили компрессор для опробования системы тормозов вагонов. Прежний устарел физически и морально.

– Независимо от того, с какой неисправностью вагон зашел на ТОР, мы всегда проводим ревизию автотормозов. Для этой проверки используется компрессор, – рассказал главный инженер Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Саят Байжуминов. – Возраст прежнего компрессора был довольно внушительным и насчитывал несколько десятков лет. При его включении дребезжало все здание, и рядом с ним из-за вибрации было сложно находиться. Мы узнали, что наши коллеги из ВЧД-1 станции Атырау продают реализуют свой компрессор, и приобрели его у них. Он исправный, в хорошем состоянии. Доставили его в Усть-Каменогорск, подключили на ТОР станции Оскемен-1, провели пуско-наладочные работы. Компрессор очень хороший. Благодаря новому приобретению, в ВЧД-24 улучшили качество опробования тормозов. По данным Саята Байжуминова, компрессор несложен в эксплуатации: на агрегате расположено три кнопки. То есть, работник депо включает компрессор, заряжает, опробует тормоза вагона и отключает его. При этом не слышно никаких звуков. Ежедневно через ревизию автотормозов на ТОР проходит от пяти до восьми вагонов.



Работники АО «НК «Қазақстан темір жолы» приняли участие в XVI ежегодном Слете молодежи ОАО «РЖД».

ПЛОЩАДКА ДЛЯ РОСТА

Любовь РОББА,
Астана

Массовое мероприятие собрало в Подмоскovie более тысячи участников – представителей железнодорожных администраций из России и 17 стран мира, включая Китай, Индию, Аргентину, Вьетнам, Сербию, ЮАР и другие. От Казахстана делегировали пятерых работников Қазақстан темір жолы, вовлеченных и активно продвигающих молодежную политику компании.

Традиционно слет становится образовательной площадкой для молодых железнодорожников – программа включает встречи с ведущими экспертами отрасли и топ-менеджерами РЖД, семинары, тренинги, посещение инфраструктурных объектов и познавательные экскурсии по Москве.

Казахстанские железнодорожники вместе с другими участниками международной секции побывали в депо и на исторической площадке «Подмосковная», посетили Российский университет транспорта, Главный центр управления РЖД, пункт заступления локомотивных бригад на станции Андрон



новка, осмотрели кабину машиниста «Ласточки» и прокатились по Московскому центральному кольцу.

В этом году основной концепцией слета стала «Энергия молодости: взгляд в будущее». Каждый день был посвящен определенной тематике: команда, тренды и технологии, партнерство и коммуникация, знание и развитие.


На международной панельной дискуссии менеджер департамента социальной политики АО «НК «ҚТЖ» Ержан Жаналиев рассказал об основных направлениях работы с молодежью компании, реализуемых проектах и возможностях, предоставляемых активным молодым сотрудникам. Презентация казахстанской делегации вызвала большой интерес

у слушателей. Многие из них высоко оценили условия для развития и поддержки молодых работников в ҚТЖ. А коллеги из Беларуси и Армении отметили, что возмущают на вооружение концепцию «100 молодых лиц».

– Участие в слете позволило установить контакты и обменяться опытом с коллегами из разных стран. Узнать, как такие же процессы выстроены у наших соседей и отметить, что у нас много общего и схожего у нас. Это здорово, – поделился впечатлениями поездной диспетчер РДПТ-3 Абай Сарыбай. – Молодежь – двигатель прогресса. И впитывая в себя лучшие практики, мы сможем двигать компанию вперед. Невероятный опыт, который очень мотивирует.

Фото автора

ҚАНЫШТЫҢ ҚАЗЫНАЛЫ ӘЛЕМІ



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Іс-шара мақсаты – Қазақстанның табиғи ресурстарын зерттеудегі рөлі, әсіресе Жезқазған өңірінің кен орындарын ашудағы ғалымның еңбегін еске алу және ғылыми мұраларын насихаттау. Дөңгелек үстел аясында ғалым еңбектерінің көрмесі ұйымдастырылып, ол туралы бейнеролик көрсетілді. Жиынға Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» КММ басшылығы, теміржолшылар және мемлекеттік тіл үйрену курсына баратын қызметкерлер қатысты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да қазақтан шыққан тұңғыш геолог-ғалым Қ.Сәтбаевтың 125 жылдығына орай «Қаныштың қазыналы әлемі» атты дөңгелек үстел өтті. Жиынға қатысушылар Қаныш Сәтбаевтың ғылымға қосқан үлесі, оның геология және тау-кен өнеркәсібіндегі жаңалықтары мен жетістіктері туралы пікір алмасты.

– Қазақ халқының біртуар перзенті, есімі жалпы дүниеге мәлім, аса көрнекті ғалым, Қазақстан ҒА тұңғыш президенті, қазақ ғылымының іргесін қалаған, адамгершілік қасиеттері мен кісілік келбеті халқының аузында аңыз боп қалған жаны жайсаң азамат Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына арналған дөңгелек үстелде ұлы адамға тарих тұрғысынан лайықты бағасын беру, ұлтымыздың мақтанышы екенін көрсете білу – баршаымыздың парызымыз, – делі жиын модераторы, «Руханият» КММ оқытушысы Жұлдыз Байбатырова.

Жиынға қатысушылар ұлы ғалымның өмір жолы мен



еңбектері туралы әңгімелеп, қазақ ғылымының алыбына арналған нақыл сөздерге назар аударды. Айтулы тұлғаға арналған нақыл сөздер мен өлеңдерді кеш қатысушылары бірге тыңдады. «Қаныш аға бейнесі» атты Ғани Ормановтың

өлеңін ҚТЖ компаниясының қызметкері Эльмира Омарова оқып берді. ҚТЖ-да мемлекеттік тіл үйрену курсына қатысатын өзге де қызметкерлер ғалым жайлы ойлары мен білетін деректерін ортаға салды.

Суретті түсірген автор

БОЛЬШЕ ДИСЦИПЛИНЫ – МЕНЬШЕ ТРАВМ



Руслан РАХМЕТОВ,
Кокшетау

В преддверии учебного сезона по Акмолинскому отделению ГП за подписью главного инженера Сайрана Баржаксина была дана телеграмма: ему руковождителем среднего звена – начальником станции, локомотивных и вагонных депо – совместно с местными исполнительными органами провести разъяснительную работу на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности» в учебных заведениях и среди местных жителей.

По итогам работы начальниками станции, работниками локомотивных и вагонных депо,

инженерами по безопасности и охраны труда совместно с ЛОП, ВЖДО проведено 56 разъяснительных бесед в учебных заведениях с учениками начальных классов. В ходе лекции было охвачено 307 детей и вручены тематические памятки. В родительских чатах «WhatsApp» распространяются памятки об опасности нахождения вблизи железнодорожного полотна.

– Железная дорога является объектом повышенной опасности. Беспечность, несоблюдение правил пользова-



ния железнодорожными переездами, переход путей в неполюженном месте могут привести к непоправимым последствиям. Поэтому важно проводить профилактические мероприятия в школах с большим охватом учащихся. Ведь именно с

детства важно установить контакт, получить обратную связь и заинтересованность, и, самое главное, эффективно разъяснить правила поведения на железной дороге, – считает главный инженер Акмолинского отделения ГП Сайран Баржаксин.

Кроме того, проведенные разъяснительные работы среди местного населения, проживающего близ железнодорожного полотна, о правилах нахождения на путях. Не остаются в стороне и средства массовой информации. Так, каждый месяц организовываются выступления железнодорожников на радио и телевидении, в газетах публикуются материалы по предупреждению выхода сторонних лиц в зону повышенной опасности, а также о правилах нахождения на железнодорожных путях.

Фото автора

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ҚОЛДАУЫНА ИЕ



Мемлекет басшысы бастамашылық еткен «Таза Қазақстан» аukumды республикалық экологиялық акциясына теміржол саласының қызметкерлері де қолдау білдіруде. Мәселен, осы жылдың 8 айында Қазақстанның түкпір-түкпірінен 84 мың теміржолшы қатысқан.

Олардың арасында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «Жолаушылар тасымалы» АҚ, Ақтау және Құрық порттары, «Вагонсервис» АҚ және «Жол диагностикасы орталығы» және «Магистральдық желі дирекциясы» филиалдарының қызметкерлері бар.

Теміржолшылар әкімшілік-тұрмыстық және өндірістік объектілердің 1 млн шар-

шы метрден астам аумағын эстетикалық түрге келтіріп, 30 тоннадан астам қағаз, пластик, т.т. қалдықтар жинады. Сонымен қатар 5,4 тонна аккумуляторлы батареялар жойылды. Әкімшілік-тұрмыстық және өндірістік объектілер аумағында 4 мыңнан астам көшет отырғызылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Ислам ТАЛҒАТ

Спорт

ВСЕ НА ИГРУ!

В ледовом дворце «Астана» прошел турнир по настольному теннису, посвященный 120-летию железнодорожной отрасли Казахстана.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

В нем приняли участие работники НЖС, ЭЧ-13, пассажирских

перевозок «Северный», ТЧЭ-18, станции Павлодар, Теміржолсу и материальной базы.

Победителем среди женщин стала приемосдатчик станции



Павлодар Ботагоз Икласова, среди мужчин первое место занял Саят Усин (ТОО «Теміржолсу –

Павлодар»), второе – Жаннет Муратов (Павлодарский участок Регионального филиала по пассажирским перевозкам «Северный» АО «Пассажирыские перевозки») и третьим стал Нурбек Уакишев (станция Павлодар).

Стоит отметить, что на турнир были приглашены пенсионеры-железнодорожники, которые наравне с молодежью боролись за призовые места. За активное участие они тоже получили призы.

Фото автора

И ПУСТЬ ПОБЕДИТ СИЛЬНЕЙШИЙ...

В отборочном туре по мини-футболу Кубка Железнодорожной футбольной лиги «КАЗПРОФТРАНС-24» победила команда Уральской дистанции пути (ПЧ-1). На финальных соревнованиях Кубка, которые пройдут в октябре в Уральске, Западно-Казахстанскую область будет представлять команда путейцев.

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

Состязания проходили на одном стадионе подшефной школы №45. В них приняли участие 6 команд: Уральской дистанции пути (ПЧ-1), Уральской дистанции электроснабжения (ЭЧ), Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-7), Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-1), Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3) и АО «Транстелеком» (ТТК).

Организаторами турнира выступили инструктор-организатор



ФСК «Локомотив» Бекзат Гүлманов и спортивный инструктор Болат Карлибаев, рефери на поле – ветеран спорта Александр Любимов. Сначала соревнования проходи-

ли в двух группах, в итоге из них выбыли команды ТТК и ВЧД-3. В полуфинале сошлись команды ШЧ-7 и ТЧЭ-1, ЭЧ и ПЧ-1. Страсти кипели нешуточные, спортсменам на поле

горячо поддерживали их коллеги и потенциальные соперники. В полуфинале нешуточная борьба разгорелась за третье место, но в упорной борьбе «связисты» уступили «электрикам» со счетом 2:3. Финал отборочного тура оказался напряженным, а игра – красивой. Несмотря на упорство и командный дух «Локомотив» проиграл путейцам с сухим счетом 0:1. Таким образом, призовые места распределились так: бронзовые призеры – команда ЭЧ (Уральской дистанции электроснабжения), на втором месте – команда ТЧЭ-1 (Уральского эксплуатационного локомотивного депо), победителем стала команда ПЧ-1 (Уральской дистанции пути). Они и будут представлять железнодорожников Западно-Казахстанской области на Кубке Железнодорожной футбольной лиги «КАЗПРОФТРАНС-24», который пройдет 9-10 октября в городе Уральске.

Фото автора

Семей ЖТ бөлімшесіндегі «солтүстік тармақ» аталатын Семей – Локоть телімінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігі алаңдатып отыр. Себебі соңғы уақытта аталмыш телім бойында қараусыз жайылатын ірі қара мал көбейіп, пойыздар қозғалысына қауіп төндіреді.

ҚАРАУСЫЗ МАЛ ҚАУІП ТУДЫРУДА

Абай ЕРТІС,
Семей

Транзиттік жүк ағыны мол, халықаралық жолаушылар пойыздарының қозғалыс жиілігі жоғары желі бойы айрықша назар аудартып тұр. Жуырда Белағаш станциясына таяу мандағы теміржол бойында жүк пойызы жылқыны қағып кетіп, ірі қара мал опат болды. Іздестіру нәтижесінде желілік тәртіп сақшылары А есімді азаматтың жылқысын желі бойына қараусыз жайылымға жібергені анықталды. Тұрғын ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 559-бабы, 1-бөлімі бойынша жауапқа тартылған. Бұл тек бір ғана мысал.

Жуырда шекара тубіндегі Ауыл станциясында жергілікті тұрғындармен кездесу өтті. Басқосуға Ауыл станциясындағы желілік полиция бөлімінің бастығы Еркебұлан Құдайбергенов, Ауыл станциясының бастығы Қарлығаш Раймханова мен шекара қызметкерлері, әкімдік өкілдері қатысты. Жиында анықталған жайт сол, шекара шебіндегі аудан бойынша жайылымдық алқап жеткілікті. Ірі қара малы үшін үш, ұсақ мал үшін

екі отар, ал жылқы түлігі үшін бір табын ұйымдастырылыпты. Әйтсе де, кейбір азаматтар малын қараусыз жібере салуын доғармай келеді. Соның себебінен теміржол бойындағы пойыз қозғалысының қауіпсіздігіне елеулі түрде нұқсан келуде.

Жиын барысында шекара бөлімшесі бастығы мен желілік полиция бөлімі басшылары сөз алып, күн тәртібіндегі мәселе жайында пікір білдірді. – Теміржол – қауіптілігі аса жоғары аймақ. Оның бойына мал жауға үзілді-кесілді тыйым салынады. Бұл тәртіп бұзылған жағдайда заң аясында қатаң шаралар қолдануға мәжбүр боламыз, – делі желілік полиция бөлімінің бастығы Еркебұлан Құдайбергенов. Сондай-ақ ендігі аралықта желі бойынан табылған мал қамалатыны жеткізді. Ал иелері қомақты айыппұл төлейді. Бұл әдіс телім бойындағы Жаңа-Семей, Жарма, Аягөз аудандарында кеңінен қолданылуда екен.

Сөз орайында айта кетсек, бүгінде аймақ бойынша қараусыз малды уақытша қамауға арналған 110 арнайы тұрақ бар екен. Бнылғы жылдың 8 айында қараусыз қалған 4 820 бас ірі қара осында орналастырылған.

<p>ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ</p> <p>Бас редактор Дина Муздубаева</p> <p>Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова</p>	<p>ҚАЗКӨЛІККӘСІП</p> <p>Бас редактор Дина Муздубаева</p> <p>Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова</p>	<p>Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов кеш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС</p> <p>Басылымның таралымы 11 340</p> <p>Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.</p> <p>Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,</p>	<p>автомобиль, аяу және су көлігі қызметкерлерінің қасиеті одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.</p> <p>Кезекші редакторлар: Л. Ровба, С. Бакесова</p>	<p>Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92</p> <p>Жауапты хатшы Ерболат Тілеубергенов, тел.: +7 702 5795768</p> <p>Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.</p>
---	--	--	--	---	---